

Аудандық (ауылдық) деңгейдегі мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары үшін лизинг шарттары мен сыйақы мөлшерлемелері:

1) «Қолдау» тарифтік бағдарламасы:

Сыйақы мөлшерлемесі	9 %
Бастапқы жарна	
0%-дан 30%-ға дейін	«Қолдау»

2) «Қолдау» тарифтік бағдарламасының жалпы шарттары:

Бастапқы жарна	0 % - дан 30 % - ға дейін.
Лизинг мерзімі	37 ай.
Медициналық техниканың құны	5 млн.теңгеден 200 млн. теңгеге дейін.
Сыйақы мөлшерлемесі, % жылдық	9 %
Пайыздарды есептеу тәсілі	Аннуитетті.
Лизинг төлемдерінің кезеңділігі	Ай сайын.
Лизинг төлемдерін төлеудің қаржыландыру көзі	Меншікті қаражат.
Сервис	Кепілді сервистік қызмет көрсету қаржы лизингі шартының қолданылу мерзімі бойы жүзеге асырылады.
Лизинг нысанасын сақтандыру	Мүліктік тәуекелдер лизинг шартының қолданылу мерзімі бойы лизинг нысанасының қалдық құнына жыл сайын сақтандырылады.
Лизингті ішінара және/немесе мерзімінен бұрын өтеу	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шарттың қаржы лизингі мәртебесін жоғалтуына байланысты туындайтын лизинг берушінің барлық шығындары мен міндеттемелерін лизинг алушы толық өтеген жағдайда, қаржы лизингі шарты бойынша медициналық техниканы жеткізу күнінен бастап 25 ай өткеннен кейін ішінара және (немесе) мерзімінен бұрын өтеуге жол беріледі.
Кепілдік қамтамасыз ету	Жоқ